**ОБРАЗЦОВЫЕ ВАГОННЫЕ ДЕПО ПОЯВЯТСЯ В КАЗАХСТАНЕ В РАМКАХ РЕАЛИЗАЦИИ 20 ИНИЦИАТИВ ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ». ПРОЕКТ ПОЗВОЛИТ УВЕЛИЧИТЬ ОБЪЕМ И СКОРОСТЬ ПЕРЕРАБОТКИ ВАГОНОВ ЗА СЧЕТ ОПТИМИЗАЦИИ РУЧНОГО ВВОДА И УСКОРЕННОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С ДРУГИМИ ПРЕДПРИЯТИЯМИ И КЛИЕНТАМИ. ИТОГОМ МАСШТАБНОЙ РАБОТЫ СТАНЕТ ВВЕДЕНИЕ МЕХАНИЗМА «ЕДИНОЕ ОКНО» ПО ПРИЕМКЕ/ПЕРЕДАЧЕ ВАГОНОВ НА РЕМОНТ ЧЕРЕЗ ИНФОРМАЦИОННУЮ СИСТЕМУ ВАГОННОГО ЭКСПЛУАТАЦИОННОГО ДЕПО.**

Канат КОБЕСОВ,
первый заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки»




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№23 (2631)
20/04/2021




## НОВЫЕ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ

**АО «НК «ҚТЖ» и группа технологических компаний «ЛокоТех-Сигнал» подписали меморандум о сотрудничестве в области модернизации систем управления движением поездов на малых, средних и крупных железнодорожных станциях.**

**Махаббат НЕГЕМБАЕВА**
Нур-Султан

Документ является продолжением начатого в 2019 году успешного сотрудничества между ҚТЖ и ЛокоТех-Сигналом, входящим в АО «Трансмашхолдинг».

Меморандум подписали главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев и генеральный директор ЛокоТех-Сигнала, управляющий директор ТМХ по развитию интеллектуальных систем управления Андрей Романчиков.

Согласно договоренностям, уже в середине текущего года на железной дороге Казахстана начнутся эксплуатационные испытания новейших систем микропроцессорной централизации CTRL@LOCK 400 и тональных рельсовых цепей CTRL@TRACK 100. Эти системы предназначены для управления стрелками, светофорами и другими объектами железнодорожной инфраструктуры, а также мониторинга положения подвижного состава.

– Внедрение современных цифровых систем сигнализации, централизации и блокировки позволит повысить безопасность железнодорожных перевозок, обеспечить рост пропускной способности загруженных станций, – отметил Батыр Котырев.

Пока технологию планируется испытать на станции Майлытогай Кызылординского отделения ГП. Если испытания пройдут успешно, то инновационная система будет внедрена на других участках сети АО «НК «ҚТЖ», сообщили в пресс-службе нацкомпании.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

**Болатқазы ТӨЛЕКПАЕВ,**
Алматы локомотив пайдалану депосының бастығы:



«ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ – ЛОКОМОТИВ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. СОНДЫҚТАН БРИГАДАЛАРМЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНДА ОСЫ РЕСУРСТАРДЫҢ ШЫҒЫНЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРҒА БАСЫМ НАЗАР АУДАРЫЛАДЫ. БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ОЛ, ЖОЛ ТЕЛІМІ ПРОФИЛІ, ҚҰРАМДЫЛЫҒЫ, САЛМАҒЫ, ОСЬКЕ ТҮСЕТІН ЖҮКТЕМЕ, ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ТЕЛІМДІК ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖЫЛДАМДЫҒЫ»

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ЗА ПЕРВЫЙ КВАРТАЛ 2021 ГОДА ПРОДАНО

**3 296 312**

БИЛЕТОВ НА ПАССАЖИРСКИЕ ПОЕЗДА

В 2021 ГОДУ КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ ПУТИ ПРОВЕДУТ НА

**582 КИЛОМЕТРАХ**

ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ, ИЗ НИХ НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ УЖЕ ОТРЕМОНТИРОВАН

**41 КИЛОМЕТР**

ДЛЯ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ И ЛИКВИДАЦИИ ПОСЛЕДСТВИЙ РАЗМЫВОВ В АО «НК «ҚТЖ» СФОРМИРОВАНЫ

**45**

ПРОТИВОРАЗМЫВНЫХ ПОЕЗДОВ

## Трансформация

## Бес жобаның бағыты: САПА, ҮНЕМ, ТИІМДІЛІК

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі Трансформациялау бағдарламасы шеңберінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-не қатысты бес жобаны бекітті. Жобалардың басым көпшілігі коммерциялық функцияларды орталықтандыруға және автоматтандыруға, маневрлік жұмыстың тиімділігін арттыруға, локомотив паркін пайдалануға және отын-энергетикалық ресурстар үнеміне қол жеткізуге бағытталған. Келесі қадам – оларды іске асыру.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Осы ретте, сала еңбеккерлері еңбек өнімділігін арттыру үшін заманауи технологиялар мен әдістерді пайдалануды, тиімді тасымалдау процесін құруды алдына мақсат етіп қойып отыр.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Бас директорының бірінші орынбасары Қанат Көбесов, трансформациялау жобалары ұлттық жүк тасымалдаушының бизнеспен өзара іс-қимылын жақсартуға, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталғанын айтады. Бүгінгі таңда компания бәсекеге қабілетті деңгейде даму әлеуетіне ие болып отыр. Сонымен бекітілген бес жобаның біріншісіне тоқталсақ, ол «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ның маневрлік жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған. Бұл жоба шеңберінде пойыздық және маневрлік жұмыс технологиясы қайта қаралатын болады. Негізгі міндет – вагондарды беру және алып кетуді уақытылы қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлық элементтерінің бой алуын болдырмау үшін маневрлік жұмысты бақылау мен есепке алуды автоматтандырылған ақпараттық жүйелер жүргізетін болады. Екінші – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-да коммерциялық функцияларды орталықтандыру және автоматтандыру жобасы, клиенттерге қызмет көрсетудің және тасымалдауды ресімдеу процесінің бірыңғай орталығын құруға мүмкіндік береді. Яғни, жұмыс істеп тұрған тауар кассалары қызмет көрсету орталығы болып қайта ұйымдастырылатын болады. Үшінші жоба, «Локомотивтердің басқарылуын «бір тұлғаға ауыстыру», яғни тепловозды машинистің бір өзі, көмекшісіз тізгіндеуге арналған. Бұл жобаның басты мақсаты – маневрлік және жолаушылар қозғалысы машинистерінің көмекшілерін оңтайландыру арқылы еңбек өнімділігін арттыру және локомотив бригадаларын ұстауға кететін шығындарды қысқарту. Осы арада атап өтерлік бір жайт, көмекшілерсіз бір өзі жұмыс істейтін машинистер үшін еңбекақы төлеу жүйесі қайта қаралатын болады. Компания директорлар кеңесі тарапынан қолдау тапқан келесі жоба, «Локомотивтердің тартымдық қызметінің тиімділігін арттыруға» негізделген. Оның аясында локомотивтер мен локомотив бригадаларының қызмет көрсету «иіндері» ұзартылып, пойыздардың аялдау ұзақтығы қысқартылмақ. Осы ретте, локомотивтерді орталықтандырылған басқаруға көшу жоспарланып отырғанын және бұл оларды пайдалану тиімділігін арттыра түсетінін айтар едік.



«Отын мен электр энергиясының үлестік шығынын оңтайландыру» деп аталатын соңғы жоба, дизель отынын ұрлаудың жолын кесу, локомотивтерді отынмен жабдықтаудың технологиялық процесін автоматтандыру және оңтайландыру бойынша шараларды өндіріске енгізуді көздейді. Осы орайда, ресурстарды үнемдеу үшін мобильді жанармай құю станцияларын пайдалану мүмкіндігі зерттелмек. Сондай-ақ, пойыздарға көрсетілген тартымдық қызмет кезінде отын мен электр энергиясын үнемдегені үшін локомотив бригадаларына еңбекақы және сыйлықақы төлеудің қолданыстағы жүйесі қайта қаралатын болады.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

### ЖАҢА СТАНЦИЯ БОЙ КӨТЕРЕ МЕ?

**Болашақта Шу-Аспара станцияларының аралығындағы 3731 км-де жаңа станция бой көтеруі мүмкін. Әзірге «ҚТЖ» құрамына өтпеген нысанның уақытша атауы да осылай 3731 км деп аталады.**

Былтыр Қазақстан мен Ресей Жамбыл облысында минералдық тыңайтқыш шығаратын зауыт салу және оны пайдалану бойынша «ЕуроХим» минералды-химиялық компаниясы» жобасын іске асыру туралы үкіметаралық келісімге қол қойғаны белгілі. Жоба Қазақстанның оңтүстігіндегі Қаратау фосфор бассейнінің кен орындарын игеруді және минералдық тыңайтқыш шығаратын жаңа зауыт салуды көздейді. Жобаның жалпы құны – 1,2 миллиард АҚШ доллары. «Химиялық кәсіпорынның жұмысы Жамбыл облысында кемінде 1200 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Осы мүмкіндіктер теміржолға да қатысты. Егер зауыт толық ашылса, оның өнімін тиеп, тасымалдау үшін теміржол көлігі пайдаланылады. Еліміздің шығысынан батысына бағыт алып жатқан ұлы жолдың бойындағы Шу мен Аспара станцияларының арасында орны белгіленген жерде қазір теміржолшылар үшін арнайы отыратын қосын салынған. Зауыт сол жерден 9 км жерде орналасқан. Былтыр жобаны жүзеге асыру басталған соң бұрынғы басты жолдарға қосымша темір жол және зауытқа дейін де жол тартылды. Бірақ кәсіпорын әлі теміржолмен тасымал жұмысын бастай қойған жоқ.

– Қазір бұл жерде төрт жол бар. Қосын да, жол да жоба аясында салынған. Әлі ҚТЖ компаниясына берілмеді. Қашан берілетіні белгісіз. Әзірше тек нобайы бар станция болашақта ашылса төртінші класты болады. Мұнда инфрақұрылым желілері жүргізілген, қосында төрт теміржолшы отырады, – дейді Шу жол дистанциясының жол шебері Бейбіт Тәжиев.

Теміржолшылар мұнда әзірге дрезинамен, көліктерімен, пойыздармен қатынайды. Болашақта бәрі зауыт жұмысының қалай қарқын алатынына байланысты болмақ.

*Ұлан ОРАЗ*

### СИТУАЦИЯ СТАБИЛЬНАЯ

**Подготовка к паводку по сети АО «НК «ҚТЖ» полностью завершена. Для обеспечения безопасного пропуска поездов железнодорожники круглосуточно дежурят в местах прохода весенних вод.**

На основе анализа прошлых лет определен перечень из 673 опасных по размыву мест (трубы, мосты, земляное полотно), за которыми установлен постоянный контроль. К тому же организованы дополнительные обходы и объезды. Список потенциально опасных мест направлен во все локомотивные депо. Локомотивные бригады проинструктированы о действиях в случае обнаружения скопления воды и размывов пути. Сформированы 45 противоразмывных поездов.

Совместно с территориальными органами и управлениями по чрезвычайным ситуациям работники стальной магистрали провели комиссионную проверку состояния водохранилищ, сельскохозяйственных плотин, находящихся выше железнодорожного полотна.

На сегодняшний день в режиме повышенной готовности работают железнодорожники Костанайского региона. Талые воды начали поступать на станцию Сарыколь участка Жана-Есиль – Костанай со стороны села Севастопольский. Чтобы исключить угрозу размыва железнодорожного полотна, на станцию Сарыколь из Костаная передислоцирован противоразмывный поезд, укомплектованный бутовым камнем, рельсовыми пакетами, некондиционными железобетонными шпалами. Силами дистанции пути выгружено 1 200 мешков с песком и 2 платформы бутового камня.

Кроме того, для предотвращения повреждений пути и сооружений на железнодорожном мосту через реку Жабай атбасарские путейцы произвели буровзрывные работы по дроблению льда в створе моста.

*Кирилл МАКСИМОВ, Нур-Султан*

№23 (2631) 20/04/2021

## ЕКПЕ АЛУДЫ БАСТАДЫ

**Айсұлтан АРМАН,**
Маңғыстау

ВАКЦИНА

**Елімізде Ковид-19 індетіне қарсы халықты жаппай вакцинациялау басталып, екпе аламын деушіге тегін салынып жатқаны белгілі. Тәжтажалдың қаупін халық та сезіп, күн санап ерікті түрде екпе алушылар саны артып келеді.**

Вакцинаны маңғыстаулық теміржолшылар да қабылдай бастады. Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Тимур Разов пен Маңғыстау белгі беру және байланыс дистанциясы бастығы Ғабит Жұмасейітов алғашқылар қатарында екпе алды. Олар вакцинаны 16 сәуір күні облыс орталығы Ақтау қаласының 34 шағын ауданында орналасқан «Достық үйінен» ашылған егу орталығында еккізді. Екеуімен де тілдескенімізде жағдайлары жақсы, шыбын шаққандай да әсер етпегенін айтты. Екпені қабылдай сала жұмысқа келіп, өз міндетін атқаруға кірісіп кетіпті. Ертесіне сенбілікке қатысып жүрген жерінде кездестірдік.

– Әркім әртүрлі айтушы еді. Бірақ, міне, кеше өзім салғызып көз жеткіздім. Бүгін, көріп тұрғаныңыздай, сенбілікте тазалық жұмыстарын жүргізудемін. Денсаулығымда ешқандай өзгеріс болған жоқ. Енді 6 мамырда екпенің екіншісін алуға барамын. Мұндай қадамға өзімнің және отбасымның амандығы үшін, аурудан сақтану мақсатында барып отырмын. Себебі біз жұмыспен байланысты әрлі-берлі көп жүреміз. Адамдармен кездесеміз. Сол үшін де ауруды жұқтырмаудың амалын жасап, екпе алдым, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Тимур Разов.

Жалпы, Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі бойынша ахуал қандай деген сауалмен бөлімшенің кадр бөліміне хабарласқан едік.

– Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінде қазір 1456 адам еңбек етеді. Олардың арасында жүкті әйелдер, бала күтімімен отырғандар және денсаулық сақтау министрлігі бекіткен вакцина салынбайтын тізімдегі теміржолшылар да бар. Вакцина салғызамын деушілерге бөлімшеміз орналасқан ауданда екі жерде егу пункті қызмет көрсетіп тұр. Мұның барлығы жұмысшыларға хабарланған, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі кадр бөлімі бастығы Азат Тулегенов.



## МЕЖЕГЕ САЙ ОРЫНДАЛДЫ

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
Шымкент

АЙМАҚ

**Шымкент станциясында 23 жол болса, басты екі жолға жолаушылар пойыздары келсе, 8-16 жолдарда пойыздар сұрыпталады. 4 жол жергілікті жүктерді қабылдап-түсіруге арналған. 5 жолға пойыздарды қабылдап, жөнелтеді. Ал 22-23 жолдарда бұзылған вагондар жөнделеді.**

Жыл басынан бері үш айда станциядан тәулігіне 54 вагон жүк артылса, 52 вагон жүк жөнелтілген. Тәулігіне 69 вагон жүк түсірілсе, 42 вагон жүк артылған. Яғни үш айда 4140 тонна жүк түсіріліп, 2517 вагон тонна жүк тиелген. Вагон айналымы – 721, оның ішінде өңделген транзитті вагондар саны – 187, өңдеусіз транзитті вагондар – 62, жергілікті вагондар 110 құрады.

Шымкент станциясы басшысының міндетін атқарушы М.Айдарбековтің айтуынша, былтырғы 2020 жылы осы кезеңде вагонайналым тәулігіне 726 болыпты. Биыл дөңестен вагондарды ағыту 657-ге жеткен.

«2021 жылы жоспарға сай тәулігіне 55 вагон келуі тиіс болса, нақты іс жүзінде сол меже үдесінен шықтық. Орташа тәулікте 54 пойыз келіп, 52 пойыз жөнелтілуде. Станциядан бидай, көмір, «Шымкент май» зауытына шикізат, азық-түлік, шаруашылық тауарлары, т.б. түсіріледі. Жүгін түсіріп қайтып кететін бос вагонның айналымы кестедегі 26 сағатта атқарылған. Бір жүк операциясы кезінде, яғни вагонды қабылдап, жүгін түсіріп, қайтып құрамға жалғап жіберуге 26 сағат беріліп, сол сағатта орындалған. Статистикалық жүктеменің салмағы межеде 58,6 тонна деп көрсетілгенімен, бізден кететін, келетін жүктердің есебінен 59,6 тоннаға жеткен. Бұл да вагонды көбірек пайдаланғанның көрсеткіші. Өйткені, бізде ұн, металл, одан кейін малға жем болатын шрот, т.б. көп тиеледі. Пісте май шығаратын зауыт күнбағыстың майын сығып алған соң, қалдығын малға жем ретінде дайындайды. Малды бордақылап, ет сататындар оған көп тапсырыс береді. Өзімізден артылса, шетелдерге жібереміз. Өткен жылмен салыстырғанда бұл жылы жүк артуды 109,9 пайызға орындап отырмыз», – деді М.Айдарбеков.

*Суретті түсірген автор*

# КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Биыл Қазақстан теміржолы бойынша 580 шақырымнан астам шойынжол күрделі жөндеуден өтеді. Соның 48,04 шақырымы Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесіне тиесілі. Қазір өңірімізде осы бағытта жұмыс қызу жүруде.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау



Маңғыстаулықтар жер тоңы жібіп, көктемнің алғашқы айы бастала сала күрделі жөндеудің қарекетіне кірісіп кетті. 5 наурызда №12-13 бекеті аралығында жолдың үстіңгі қабатына күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынды. Аталған аумаққа жалпы ұзындығы 17,46 шақырымды құрайтын жөндеу межеленген еді. Қазір бұл телімдегі негізгі жөндеу жұмыстары аяқталды. 15 наурыздан келесі учаскеде күрделі жөндеу басталды. Ол №3 бекет – Үстірт станциясы аралығына жоспарланған 18,91 шақырымдық күрделі жөндеу болатын. Бүгінге дейін жол жөндеушілер осы аралықтағы 15 шақырымды бітірді. Жол құрылысын №12-13 бекеті аралығында «Теміржолжөндеу» ЖШС филиалы «ПМС Ақтөбе» мекемесі алпыс шақты жұмысшымен жүргізсе, екінші телімдегі №3-бекет – Үстірт станциясы арасындағы жөндеумен «Integra Construction KZ» ЖШС айналысуда.

– Күрделі жөндеу барысында аталған учаскелерде Р65 типті ұзындығы 25 метрлік рельстер алынып, орнына 1600 метрлік (плеть) рельстер төселуде. Сондықтан жөндеуден кейін жолдың сапасы анағұрлым жақсара түспек. Жалпы, күрделі жөндеудің бұрынғы жолға қарағанда ерекшелігі түйіспелі рельстердің орнына түйіспесіз рельстерге, ағаш шпалдардың орнына темірбетонды шпалдарға ауыстырылуында. Соның арқасында жөндеу жүргізілген телімдерде пойыздардың қозғалыс жылдамдығы артатын болады. Бұған дейінгі жоғарыда аталған аумақтарда жылдамдық сағатына 60 шақырымды құраса, енді ол 100 шақырымға дейін жетпек.



> **КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛГЕН ТЕЛІМДЕРДЕ ПОЙЫЗДАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫС ЖЫЛДАМДЫҒЫ АРТАТЫН БОЛАДЫ. БҰҒАН ДЕЙІНГІ ПОЙЫЗДАР ЖЫЛДАМДЫҒЫ САҒАТЫНА 60 ШАҚЫРЫМДЫ ҚҰРАСА, ЕНДІ ОЛ 100 ШАҚЫРЫМҒА ДЕЙІН ЖЕТПЕК.**

Күрделі жөндеу жүргізудегі негізгі мақсат та осы. Жаңа материалдардың салынуы жол жағдайының жақсаруына ықпал етсе, ол өз кезегінде жылдамдықтың жоғарылауына мүмкіндік береді. Оның үстіне қолданылып жатқан жаңа материалдар, мысалы, темірбетонды шпалдардың қызмет көрсету мерзімі ағаш шпалға қарағанда 3-4 есе жоғары болады. Бұл экономикалық жағынан да өте тиімді, – деп ақпарат берген Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің жол бөлімі басшысы Марлен Көктеубаевтың айтуынша, күрделі жөндеу жұмыстары күзге қарай тағы жалғасады. №7 бекет – Сай-Өтес станциясы аралығында 11 шақырым темір жол жөндеуден өткізіледі.

Сонымен қатар, маңғыстаулық жолшылар 25 шақырым малға қарсы қоршауды жөндеуден өткізуде, 100 шақырымда жаңадан салуды жоспарлауда екен. Себебі жыл басынан бері мал басу оқиғасы жиілеп кеткен. Осыған дейін бөлімше аумағында 36 мал пойыз астына түскен.

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінде үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында қозғалыс қауіпсіздігін бұзу дерегі тіркелмеген. Өндірістік жарақаттану оқиғалары да болмаған. МДК жол өлшегіш вагонының бақылау тексерісі қорытындысы бойынша жол күтімі бөлімшеде 38 бірлікке орындалса, жоспары 64 бірлік, яғни 140 пайызды құраған.

*Суреттерді түсірген автор*

## САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

**«KTZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KTZ Express» АҚ) «KTZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2021 жылғы 05 мамырда 10:00 сағатта (Нұр-Сұлтан уақыты) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.**

Нысандарды өткізу «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «KTZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлікті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

**Бағаны төмендету аукционына мына Нысандар шығарылады:**

| № | Аты | Мем.номер | Жылы | Бастапқы баға, теңге | Бастапқы баға, теңге | Төмен баға, теңге | Кепілдік жарна, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Iveco Power Daily | 875BH01 | 2015 | 6 452 307 | 19 356 920 | 6 452 307 | 967 846 |
| 2 | Полуприцеп Сзап 99051 | 35DDA01 | 2008 | 2 876 499 | 8 629 498 | 2 876 499 | 431 475 |
| 3 | Полуприцеп Сзап 99051 | 51DFA01 | 2008 | 2 780 616 | 8 341 848 | 2 780 616 | 417 092 |
| 4 | ГАЗ 31029 | 036DC02 | 1996 | 95 105 | 285 314 | 95 105 | 14 266 |
| 5 | ГАЗ 5204 | 133CY02 | 1980 | 443 873 | 1 331 618 | 443 873 | 66 581 |
| 6 | ЗИЛ 431610 | 196CY02 | 1987 | 313 550 | 940 649 | 313 550 | 47 032 |
| 7 | ЗИЛ ММЗ 4502 | 350DC02 | 1988 | 269 789 | 809 367 | 269 789 | 40 468 |
| 8 | Камаз 5320 | 157CY02 | 1989 | 737 990 | 2 213 971 | 737 990 | 110 699 |
| 9 | ЗИЛ 431410 | 069YX02 | 1989 | 358 772 | 1 076 316 | 358 772 | 53 816 |
| 10 | Полуприцеп Одаз 885 | 03ESA02 | 1979 | 333 673 | 1 001 018 | 333 673 | 50 051 |
| 11 | ЗИЛ 431810 | 014YB02 | 1991 | 252 470 | 757 411 | 252 470 | 37 871 |
| 12 | Полуприцеп Сзап 99051 | 50CZA04 | 2008 | 2 812 578 | 8 437 733 | 2 812 578 | 421 887 |
| 13 | Полуприцеп Чмзап 998740 | 18CVA04 | 2010 | 856 336 | 2 569 009 | 856 336 | 128 450 |
| 14 | Полуприцеп Чмзап 998740 | 46CUA04 | 2010 | 811 266 | 2 433 799 | 811 266 | 121 690 |

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілім веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: HSBKKZKX, IBAN/ЖСК: KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақтылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда, сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлікті сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлікті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысуды ресімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «KTZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділікпен орналастырылған.

**Қосымша ақпаратты 87710838734 («KTZ Express» АҚ), Нұр-Сұлтан қ., Дінмұхамед Қонаев, 10 және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ), Нұр-Сұлтан қ., А.Жұбанов, 16, 4-қабат телефондары бойынша алуға болады.**

№23 (2631) 20/04/2021

## Интервью

# О КОРРУПЦИИ НЕЛЬЗЯ МОЛЧАТЬ!

**В 2019 году АО «НК «ҚТЖ» объявило о нулевой терпимости к коррупции и начало планомерную борьбу с любыми коррупционными проявлениями. В течение последних двух лет в компании приняты различные документы, которые регламентируют процесс борьбы с коррупцией, определяют ответственность за ее проявления, а также обеспечивают профилактику коррупционных рисков. Но достичь результата возможно только тогда, когда, отраженное на бумаге применяется в действии при конкретных коррупционных фактах. Как добиться успеха на практике и искоренить коррупционные проявления в конкретных ситуациях редакция газеты обсудила с заместителем председателя правления по корпоративным вопросам и HR АО «НК «ҚТЖ» Сериком Абденовым.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Нур-Султан

**– Серик Сакбалдиевич, с начала года работники ҚТЖ получают по корпоративной почте рассылки с информацией о выявленных коррупционных нарушениях со стороны работников. Данная практика стала для железнодорожников новшеством. Расскажите подробнее о цели подобных сообщений.**

– Да, действительно, мы начали информировать сотрудников о выявленных в некоторых подразделениях коррупционных нарушениях, а также об участниках или инициаторах неправомерных действий, преследуя несколько целей. Во-первых, необходимо открыто говорить о людях, которые допускают незаконные действия, и о последствиях для них. Во-вторых, узнав о неизбежности наказания нарушителей, работники могут активнее оказывать содействие в очистке рядов железнодорожников от коррупционеров. К тому же, это может предотвратить проявление аналогичных коррупционных нарушений в других подразделениях. И, в-третьих, это возможность всем узнать больше информации о коррупционных схемах, которыми пользуются нечистые на руку люди, и быть готовыми к борьбе с такими схемами.

**– Могли бы Вы рассказать о каких-то коррупционных ситуациях, в которых работники чаще всего становятся жертвам. От чего их больше всего нужно предостеречь?**

– Главное, хочу отметить и подчеркнуть: коррупция и поборы в ҚТЖ не допустимы! Работники должны знать, что за любые поборы или попытки получения отдельными лицами вознаграждения за «мутные услуги» предусмотрено серьезное наказание. Компания максимально заинтересована распутать клубок различных коррупционных схем и защитить от них работников. Для этого и проводится работа по повышению осведомленности сотрудников о коррупционных рисках.

Часто жертвами коррупционных схем люди становятся при приеме на работу или при возникающей возможности повышения по службе. Выявлялись случаи, когда злоумышленники, зная, что процесс приема на работу в настоящее время централизован, продолжали вводить в заблуждение людей и различными способами вымогали деньги, якобы, оказывая помощь.

Однако бывают и такие случаи, когда изощренность некоторых коррупционных схем просто в голове не укладывается. К примеру, некоторые линейные руководители умудряются вымогать «долю» от единовременных денежных премий. Хотя такие премии начисляются всем работникам централизованно. Это яркое проявление мошенничества, ведь руководители в регионах не имеют полномочий решать, кто получил премию, а кто нет.

Также известны факты, когда руководители занимались поборами для встречи и организации досуга приезжающих комиссий, или вообще принуждали работников к труду в своих личных интересах, понимая, что такие действия являются нарушением. Никто не вправе собирать деньги для ремонта помещений, приобретения различных инструментов, расходных материалов или личных нужд. Это бытовая коррупция. К примеру, в августе прошлого года за привлечение подчиненных к строительству частного дома был уволен руководитель Жанааркинской дистанции сигнализации и связи.

К мошенничеству и незаконным поборам относятся случаи, когда кто-либо говорит, что обеспечит покровительство, поможет решить личные вопросы. Например, отправить в санаторий по путевке,



ребенка – в детский лагерь, добиться выплат по Коллективному договору.

Бывали случаи, когда с работников требовали отдать часть выплат по инвалидности, якобы за положительное решение по этим выплатам или ускорение процесса их получения. Все это также коррупционные нарушения.

Помните, получение льгот и социального пакета регламентировано отдельными правилами и Коллективным договором. Тот, кто утверждает или намекает, что можно обойти процедуры, попросту вводит в заблуждение.

Кроме того, работники должны знать, что предметом взятки могут быть не только деньги, но и подарки, услуги.

**– Серик Сакбалдиевич, как нужно поступать работникам, которые сталкиваются с подобными ситуациями?**

– Очень важно сотрудникам не бояться говорить о нарушениях. Ведь молчание может расцениваться со стороны нарушителей как возможность к продолжению неправомерных действий. Если кто-то из работников лично столкнулся с фактами коррупции, то нужно обязательно сообщать по «горячей линии». Мы также очень тесно сотрудничаем с Профсоюзом, он принимает активное участие в борьбе с нарушениями. Работники могут обратиться к своим профсоюзным лидерам, если они сталкиваются с любыми проявлениями коррупции.

**– Может, некоторые работники до сих пор не понимают тех последствий, которые ждут нарушителей закона. Какие меры ҚТЖ будет принимать к коррупционерам?**

– Любое коррупционное нарушение – это прямая дорога к наказанию, от увольнения по отрицательным мотивам до получения реального срока лишения свободы и штрафов в соответствии с законодательством. Каждый, кто решится быть замешанным в коррупционных действиях, должен понимать: не надо играть с огнем, для таких нечистых на руку людей в ҚТЖ второго шанса не будет! Сохранить в тайне неправомерные действия не удастся никому!

Уже с начала года по факту получения взятки за трудоустройство уволены начальник и главный инженер Кызылординской дистанции электроснабжения (станция Шиели). 20 января расторгнут трудовой договор с начальником Павлодарской дистанции электроснабжения, который судом был признан виновным в получении взятки.

**– Большое спасибо за интервью! Вопрос нетерпимости очень важен, возможно, у Вас будет обращение к сотрудникам.**

– Коллеги, если вы стали свидетелем или знаете тех, кто в своей работе сталкивается с коррупционными нарушениями или поборами, прошу вас сразу сообщать об этом. Очищать ряды от нарушителей – наша общая задача. Ведь такие люди занимаются посягательством на чужие деньги, которые работник заработал честным трудом, возможно, копил, ограничивая себя и свою семью. Бывает, что поборы становятся причиной оформления работником кредита, и он долгие годы будет оплачивать за то, что не должен платить по умолчанию.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

> **О ЛЮБЫХ КОРРУПЦИОННЫХ СЛУЧАЯХ НЕОБХОДИМО СООБЩАТЬ НА «ГОРЯЧУЮ ЛИНИЮ» ПО ТЕЛЕФОНАМ: 8 800 080 3030, 8 702 075 3030 (WHATSAPP) ИЛИ НА ЭЛЕКТРОННУЮ ПОЧТУ nysana@cscc.kz.**

## ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «KTZ Express» (далее – АО «KTZ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «KTZ Express», которые начнутся 05 мая 2021 года в 11.00 (время Нур-Султана) на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «KTZ Express», утвержденными решением Совета директоров АО «KTZ Express» (протокол от 10 января 2018 года №1) (далее – Правила), и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года №66) (далее – Регламент).

**На аукцион на понижение цены выставляется следующее имущество:**

| № | Наименование транспорта | госномер | год | начальная стоимость | стартовая стоимость | минимальная стоимость | гарантийный взнос |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Iveco Power Daily | 875BH01 | 2015 | 6 452 307 | 19 356 920 | 6 452 307 | 967 846 |
| 2 | Полуприцеп Сзап 99051 | 35DDA01 | 2008 | 2 876 499 | 8 629 498 | 2 876 499 | 431 475 |
| 3 | Полуприцеп Сзап 99051 | 51DFA01 | 2008 | 2 780 616 | 8 341 848 | 2 780 616 | 417 092 |
| 4 | ГАЗ 31029 | 036DC02 | 1996 | 95 105 | 285 314 | 95 105 | 14 266 |
| 5 | ГАЗ 5204 | 133CY02 | 1980 | 443 873 | 1 331 618 | 443 873 | 66 581 |
| 6 | ЗИЛ 431610 | 196CY02 | 1987 | 313 550 | 940 649 | 313 550 | 47 032 |
| 7 | ЗИЛ ММЗ 4502 | 350DC02 | 1988 | 269 789 | 809 367 | 269 789 | 40 468 |
| 8 | Камаз 5320 | 157CY02 | 1989 | 737 990 | 2 213 971 | 737 990 | 110 699 |
| 9 | ЗИЛ 431410 | 069YX02 | 1989 | 358 772 | 1 076 316 | 358 772 | 53 816 |
| 10 | Полуприцеп Одаз 885 | 03ESA02 | 1979 | 333 673 | 1 001 018 | 333 673 | 50 051 |
| 11 | ЗИЛ 431810 | 014YB02 | 1991 | 252 470 | 757 411 | 252 470 | 37 871 |
| 12 | Полуприцеп Сзап 99051 | 50CZA04 | 2008 | 2 812 578 | 8 437 733 | 2 812 578 | 421 887 |
| 13 | Полуприцеп Чмзап 998740 | 18CVA04 | 2010 | 856 336 | 2 569 009 | 856 336 | 128 450 |
| 14 | Полуприцеп Чмзап 998740 | 46CUA04 | 2010 | 811 266 | 2 433 799 | 811 266 | 121 690 |

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на понижение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, первым подтвердивший свое желание приобрести объект продажи по объявленной цене и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи Имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей Имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации Имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписавая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки Объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием Объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки Объекта возмещению не подлежат и Продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки Объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к Продавцу по вопросу качества, комплектности Объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения Победителя можно ознакомится в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «KTZ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

**Дополнительную информацию можно получить по телефонам: 8 771 083 87 34 (АО «KTZ Express»), г. Нур-Султан, ул. Дінмұхамеда Қонаева, 10, и 8 7172 55 29 81 (АО «ИУЦ»), г. Нур-Султан, ул. А. Жубанова, д. 16, 4 этаж.**



# ЕСТЬ ВСЕ ВОЗМОЖНОСТИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

ПЕРЕВОЗКИ

**В Костанайском регионе продолжают наращивать объемы контейнерных перевозок.**

По словам заместителя начальника отдела логистики Костанайского отделения грузовых перевозок Кенеса Дюсекеева, за этим видом железнодорожных перевозок – будущее. Так, за первый квартал текущего года здесь сформировано восемь контейнерных поездов, которые отправлены восемью маршрутами. Всего в состав этих восьми поездов вошло 338 вагонов (426 контейнеров), а общий вес груза составил 12 519 тонн.

Для сравнения, в прошлом году за аналогичный период было сформировано и отправлено 3 контейнерных поезда, на которых отгружены 73 фитинговые платформы, 125 контейнеров (2 914 тонн груза).

Также за март нынешнего года в отделении перевыполнили план погрузки по продуктам перемола. При плане погрузки на месяц 1 519 вагонов (103,9 тыс. тонн) фактически отгружено 1 746 вагонов (115,7 тыс. тонн). Сверх плана погружено на 227 вагонов (11,9 тыс. тонн) больше. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года объемы отгрузки продуктов перемола возросли на 19,1 тысячи тонн.

– Наши объемы отгрузки, как и количество формируемых контейнерных поездов, неуклонно растут – говорит Кенес Дюсекеев. – Мы и в дальнейшем намерены придерживаться данной стратегии. И для этого у нас есть все возможности, в том числе слаженный, профессиональный коллектив специалистов.

*Фото автора*

# В ЗОНЕ ОСОБОГО ВНИМАНИЯ

**Надежда НОВИЦКАЯ,**
Кокшетау

КООРДИНАЦИОННЫЙ СОВЕТ

**В Акмолинском отделении грузовых перевозок прошло заседание Координационного совета, на котором обсудили вопросы предотвращения фактов травматизма и гибели посторонних людей на объектах железнодорожного транспорта, а также подвели итоги работы за первый квартал 2021 года.**



Открывая заседание, главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржаксин подвел итоги проделанной работы за первый квартал 2021 года по предупреждению и профилактике несчастных случаев с посторонними гражданами, отметив при этом, что за истекший период случаев травматизма с посторонними гражданами не допущено.

Основные причины несчастных случаев на железной дороге – переход, переезд железнодорожных путей в неустановленных местах или перед близко идущим поездом, поражение электрическим током.

– Весной некоторые граждане страдают психологическими расстройствами, впадают в депрессию, последствия которых влекут за собой суицид. Поэтому необходимо обращать внимание на подозрительных лиц, находящихся вблизи или на железнодорожных путях, об их обнаружении сообщать в линейные отделы полиции, – отметил Сайран Баржаксин.

Несмотря на то, что учащиеся многих учебных заведений находятся на дистанционном обучении, необходимо продолжать с ними профилактическую работу, используя социальные сети, СМИ и школьные группы WhatsApp.

Старшим прокурором Кокшетауской транспортной прокуратуры Анарбеком Кузбаковым отмечена положительная работа специалистов отделения по профилактике травматизма с постронними гражданами. Для совместного решения проблемных вопросов в части производства ремонта пешеходных мостов через железнодорожные пути филиал АО «НК «ҚТЖ» – «Акмолинское отделение магистральной сети» имеет возможность обратиться в Транспортную прокуратуру Акмолинской области для последующего принятия мер совместно с местными исполнительными органами.

Совещание завершилось обменом мнений, присутствующие внесли свои предложения по повестке дня, сделали обобщение всему сказанному.

Сайран Баржаксин озвучил ряд рекомендаций. В том числе по недопущению травматизма посторонних граждан, проверке состояния пешеходных мостов, настилов, их освещенности, максимальному усилению разъяснительной работы на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности!». При этом не нарушать требований карантина.

# ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА ПОРУЧЕННОЕ ДЕЛО

КАК ЖИВЕШЬ, СТАНЦИЯ?

**Работа станции Алматы-2 базируется на трех основных слагаемых. Это выполнение каждым работником своих функциональных обязанностей, работа без брака и хороший морально-психологический климат в коллективе.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы



Внеклассная станция Алматы-2 по характеру работы является грузовой. Кроме того, это основной пункт формирования пассажирских вагонов регионального филиала «Южный» АО «Пассажирские перевозки», в ЛВЧДР-26 производятся работы по замене тормозных колодок, растяжка по автосцепкам, замена колесных пар, экипировка составов, а также внутренняя и наружная обмывка составов и производство ремонта ТО-1, ТО-2 и ТО-3. Грузоотправителями станции являются АО «Рахат», «Бахус», «Эфес», ТОО «Alina Group», Carlsberg» и другие.

Выполнение производственных показателей идет с нарастанием. За три месяца текущего года погрузка в среднем в сутки составила 39 вагонов, выгрузка – 80.

Для обеспечения бесперебойного и безопасного движения поездов и маневровой работы на станции все сооружения и устройства, а также служебно-технические здания систематически подвергаются осмотру.

Много сил и труда здесь вложено в культуру производства, освоение новых технологий, пристальное внимание уделяется технической подготовке кадров. Практикуется дистанционный формат обучения и самообучения, ежемесячно проводится анализ состояния безопасности движения, прорабатываются все поступившие телеграфные указания, руководящим составом станции выполняются нормативы личного участия. С начала года проведены месячники «Особый режим работы по безопасности труда», «Исправность технологической оснастки вагонов», проведен декадник «Сортировочная горка», с 25 марта по 25 апреля объявлен месячник «Усиленный режим работы по безопасности труда».



Конечно, как и у всех предприятий, есть свои наболевшие вопросы, в том числе переход людей через пути в неустановленных местах, экстренные торможения, что влияет на ухудшение эксплуатационной работы станции. И здесь актуален вопрос об ограждении территории станции.

Среди старожил предприятия хочется назвать главного инженера станции Бауржана Шормакова, который прошел все ступени роста, начиная с простой должности составителя. Профессионально работают товарный кассир Алия Калшабаева, грузовой диспетчер Зуля Аширбаева, старший приемосдатчик Алина Раисова, добросовестно выполняют свою работу маневровый диспетчер Нуралы Гелманов, составитель поездов Канат Ахметов и многие другие.

– Мобильность всегда должна быть присуща работникам, так как постоянно находишься в движении. Здесь не место инертным и равнодушным людям. Дисциплина, требовательность, ответственность и корпоративная культура являются основными критериями работы станции, – говорит заместитель начальника станции по оперативной работы Манат Бекешев.

*Фото автора*

# ДІНИ РАДИКАЛИЗМ – ҚАУІП

ПРОФИЛАКТИКА

**Жуырда діни экстремизм профилактикасы бойынша арнайы құрылған республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мамандары аягөздік теміржолшылармен кездесу өткізді.**

**Қуан ЕРТІС,**
Семей

Мақсат – қазіргі қоғамда дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мен діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу шеңберінде жан-жақты түсінік беру болды. Ақпараттық топ өкілдері арасында есімдері республикамызға танымал білікті теологтар, дінтанушылар және психологтар болды. Олар Аягөз локомотив пайдалану депосының мәжіліс залында теміржолшылар алдында сөз алып, баяндама жасады.

Басқосу барысында сала мамандары еліміздегі барлық конфессиялар мен этностардың ынтымақтастығына, өзара іс-қимылы мен қатар өмір сүруіне, Қазақстан халқының мәдениеті мен рухани мұрасына деструктивті діни ағымдар мен радикалды идеялардың келтірер залалын түсіндірді. Сонымен қатар, дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні туралы кең көлемде ақпарат берілді.

Осы орайда, діни сауаттылықты арттыру, халық арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, мәдени мұра мен дәстүрлерді насихаттау арқылы қоғамдық санаға теріс әсер ететін идеологиялардан қорғануға болатыны айтылды.

Діни радикализмге қарсы іс-қимылдың берік негізі ретінде дәстүрлі рухани құндылықтар мен дін арасындағы өзара байланыс мәселелері де кең көлемде талқыланды. Бұл ретте шығыс өңірдегі діни ахуалдың тұрақтылығы, соның ішінде жергілікті теміржолшылар арасында ақпараттандыру, түсіндіру жұмыстарының нәтижелі түрде жүргізіліп жатқандығы да сөз болды.

## Сенбілік

# СУББОТНИКИ БУДУТ РЕГУЛЯРНЫМИ



**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

**По Защитинскому узлу объявлен двухмесячник по очистке прилегающей территории административно-бытовых комплексов, станций, участков, околотков, полосы отвода.**

Двухмесячник будет проходить с 10 апреля по 12 июня. 16 апреля работники Защитинского узла вышли на общегородской субботник. У них даже был девиз: «Сохраним наш дом чистым и светлым!». Под домом подразумевается город и место работы, где трудятся представители стальной магистрали.

– Мы убирали территорию возле здания филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Семейское отделение ГП», в котором сейчас находятся движенцы, руководство и ИТР Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22), Оскеменского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-24), – рассказал начальник сектора АСУ, корпоративный блогер Евгений Португальский. – На субботник вышли работники ТЧЭ-22, ВЧД-24, спецотдела и отдела первой линии поддержки Защита Главного вычислительного центра (бывшего ЛОИС), движенцы.

Помимо этого, работники станций, вокзала Оскемен-1, Защитинской дистанции пути, Защитинской дистанции сигнализации и связи, ТОО «СпецСервис Курылыс», АО «Dosjan temir joly» убирали территории вокруг своих зданий. Ведь место работы всегда должно быть в чистоте.

*Фото Евгения ПОРТУГАЛЬСКОГО*

# ТАЗАЛЫҚ АЙЫ БАСТАЛДЫ

**Күннің көзі жылынып, табиғат қайта түлеген көктем – теміржолшылар үшін тазалық айы. Жер-жерде жылдағы дәстүр бойынша жаппай сенбіліктер ұйымдастырып, айналаны қыс бойғы кір қоқыстан тазарту жүріп жатыр.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Өткен аптада Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің қызметкерлері бөлімше ғимаратына қарасты аумақта сенбілік ұйымдастырды. Айналаны қоқыстан арылтып, жасыл желектердің түбін қопсытты. Қураған бұтақтарын кесіп, ретке келтірді.

– Карантин талаптарына байланысты сенбілікке барлығымыз бірден, көп болып шыққан жоқпыз. Бірнеше адамнан бөлініп, апта сайын тазалық жүргізіп отырамыз. Осы жолы қоқыстарды жинап, ағаштардың түбін тазарттық. Келесі аптада тал-теректердің түбін ақтап, бордюр, урно, орындықтарды сырлаймыз. Төңірегіміздің таза, жинақы, көрікті болып тұрғаны ең алдымен өзімізге жақсы. Егер әрбір мекеме, әрбір үй иесі өзіне жақын аумақты тазартып, көңіл бөлетін болса, айналамыздың бәрі жайнап шыға келер еді. Сол үшін өзгелерді де тазалық жұмыстарына бейжай қарамауға шақырамын, – дейді сенбілікке қатысушы Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Тимур Разов.



Бас инженердің сөзіне сүйенсек, мұндай жұмыстар бөлімшеге қарасты Маңғыстау электрмен жабдықтау, белгі беру және байланыс, сондай ақ, жол дистанцияларында да ұйымдастырылуда екен.

*Суретті түсірген автор*



**Ислам ТАЛҒАТ,**
Нұр-Сұлтан

**«Бір тал кессең, он тал ек» деген қағида бар халық арасында. Көктем – жердің түлеп, жаңару кезеңі ғана емес, тал егіп, көгалдандыруға үлес қосуға қолайлы кезең.**

Осы дәстүрді берік ұстанған «Қамқор вагон» ЖШС-ның филиалдары сенбіліктер өткізіп, тал егу жұмыстарына кірісіп кетті. Сәуір айының басында кәсіпорын жұмыскерлері вагон жөндеу деполарының аумағын абаттандыруға ғана емес, жыл сайынғы «Қамқор PARK» акциясының аясында Шалқар мен Қазалы моно қалаларындағы қалалық парктерінде орналасқан «Қамқор Менеджмент» аллеяларын көгалдандыру жұмыстарына кірісті. Сонымен қатар «Қамқор вагон» ЖШС қызметкерлері алдағы уақытта көгалдандырылуы аса қажет аймақтарға жасыл аллеялар отырғызуды жоспарлап отырғандарын айтады. «Қамқор GREEN» кешенді бағдарламасы бойынша келесі өтетін акция – ол «Қамқор PARK». Бұл акция биыл Қарағанды Сортировочная станциясы аумағында өтеді. Болашақ аллея болат жол еңбеккерлерінің отбасы мүшелерінің жүгірумен айналысатын және кешкі серуендерін өткізетін салауатты өмір салтының орталығына айналмақ.

Тағы бір атап өтерлігі, «Қамқор GREEN» экологиялық бағдарламасының жасыл бастамалары жақында Нұр-Сұлтан маңында орналасқан Қоянды ауылындағы ондаған үйді су басқанда көмекке келді. Жергілікті тұрғындардың үйлеріне қызыл су түн ортасында тұрғындар қатты ұйықтап жатқан кезде келген. «Қамқор Менеджмент» компаниясы Қоянды ауылының су басқан үйлерін құтқаруға үлес қосып қана қоймай, жергілікті әкімдікке 5 мотор сорғысын, 10 лом мен осыншама күрек, 3 мың қап, 100 дана диаметрі 80 мм болып келген 2000 метр жеңдер табыстады.

*Суретті түсірген автор*

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

**Қазалы вагон пайдалану депосының Қызылорда станциясындағы техникалық қызмет көрсету бекетінің теміржолшылары мекеменің айналасын қоқыстан тазартып, сыпырып-сиырып, ағаш отырғызып, сенбілік жасады.**



«ҚТЖ-ЖТ» серіктестігінің биылғы жылды «Экологиялық мәдениет» жылы деп жариялауына орай Қазалы вагон пайдалану депосының басшысы Арғын Қайырбайұлы Орымбаевтың бастамасымен сенбілік сәуір айының басында басталған. Қызылорда вагондарға техникалық қызмет көрсету ғимаратының ішінен басталған тазалық жұмыстары мекеменің ауласында жалғасты. Сенбілікке білек сыбана кіріскен вагон қараушы-жөндеушілер Руслан Балқожаев, Тынымбек Аймишев, Шегебек Тілеуімбетов, Юра Паранкин және Құрманбек Асқаров бірнеше көлік қоқыс шығарды.

– Бүгінгі сенбілікті ауысым арасындағы демалыста жүрген теміржолшылармен өткіздік. Бүгін мекеменің іші-сыртын ретке келтіріп, айналаны күл-қоқыстан тазартсақ, алдағы уақытта тал, гүл егіп, айналаны абаттандыру жұмыстарымен жалғастыратын боламыз, – деді Қызылорда ТҚКБ вагон шебері Жұмағұл Дурманов.

*Суретті түсірген автор*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**
Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС
**Басылымның таралымы 20 000**
Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**
**Р. Рахметов, С. Бакесова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шымкент:** Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Жамбыл:** Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**
**Асель Распаева,**
**тел.: 8 775 198 15 61,**
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.